

Жарлысу ауылындағы С.Сейфуллин көшесінің батыстан оңтүстікке қараған бұрылысының атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданы Өрнек ауылы округі әкімінің 2010 жылғы 09 желтоқсандағы № 27 Шешімі. Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 желтоқсанда 116 нөмірімен тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4 тармақшасына және Жарлысу ауылы С.Сейфуллин көшесі тұрғындарының пікірін ескере отырып

Ш Е Ш І М

Е Т Е М І Н :

1.Жарлысу ауылы С.Сейфуллин көшесінің батыстан оңтүстікке қараған бірінші бұрылысының атауы Ұлы отан Соғысының ардагері Шынасылов Жапарқұл атындағы көше болып өзгертілсін.

2.Осы Шешім Әділет органдарына мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Өрнек ауылдық округ әкімі

Б.Акурпеков